

*Ж.М. Мәкімбай **

*социология кафедрасының 3 курс докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

САКРАЛДЫ ОРЫНДАР МЕН КЕҢІСТІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада сакралды аудан кеңістіктерін зерттеудің анағұрлым тиімді әдістері қарастырылады. Діни сала мен сакралды кеңістіктерді зерттеудің заманауи әдістері әлеуметтік географияда басқа зерттеулерге қарағанда ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Оның ерекшелігі сол физикалық география (сакралды ландшафтылар мен сакралды кеңістікті зерттеу барысында) мен әлеуметтік география, психология, философияның (геодіни саланы зерттеу барысында) әдістері мен тәсілдері бір-бірімен үйлесім табады.

Сакралды кеңістікті зерттеу барысында территориялық ерекшелігі бар сондай-ақ, әлеуметтік – мәдени үрдістерді құрастыратын құбылыс ретінде зерттеуге болады. Жалпы алғанда сакралды кеңістік – рухани қызмет атқаратын ерекше қасиеті бар территория болып табылады. Сол ерекшелік немесе қасиет діни болуы мүмкін, табиғи және тарихи болуы мүмкін. Бұл қасиетті мекендерді мақсатты түрде жергілікті мекенде нақты бір административті аудан немесе обылыс көлемінде зерттеу түбегейлі нәтиже береді. Әрбір ауданда ауылда немесе қалада сол жергілікті тұрғындар үшін мистикалық мағынасы бар діни объектілер мен мекендер бар. Бұл белгілі бір өзен-көл, тау-тас, әулие жатқан зираттар, ерекше биоценозға ие орман-тоғайлар, сондай-ақ жергілікті халық үшін көп көмегін тигізіп отырған бұлақтар мен жер асты сулары сияқты объектілерді атап көрсетуше болады. Демек, басында айтып өткендей діни, тарихи, табиғи орындарды жергілікті тұрғындардың айтуымен насихаттап, әкімшілік-административті мекенді межелей отырып, анықтаған тиімді деп көрсететін авторлардың пікіріне сүйенеді. Ол тәсілдерге көңіл бөлер болсақ: теориялық, бағалау (жердің ерекшелігін), аналитикалық, конструктивті тәсілдердің әдістері талданады.

Кілт сөздер: сакралды кеңістік, сакралды география, дін географиясы, сакралды-туристік объект.

*Мәкімбай Ж.М. **

*докторант 3 курса кафедры социологии
Евразийского Национального Университета им. Л.Н. Гумилева
Нур-Султан, Казахстан*

НЕОБХОДИМОСТЬ ИССЛЕДОВАНИЯ САКРАЛЬНЫХ МЕСТ И ПРОСТРАНСТВА В СОЦИАЛЬНОЙ ЖИЗНИ

Аннотация

В статье рассматривается вопрос подбора наиболее приемлемой методики для исследования сакральных пространств. Исследование религиозной деятельности и сакральных пространств имеет свои особенности по отношению к другим исследованиям в социальной географии. Его особенностью является то, что сочетается использование методик физической географии (при исследовании сакральных ландшафтов и сакральных пространств) и социальной географии, психологии и философии (при исследовании георелигиозной сферы).

Сакральное пространство может быть изучено в процессе изучения как явление, обладающее территориальной спецификой, так и формирующее социокультурные тенденции. В общем смысле сакральное пространство – территория с особыми свойствами, которая выполняет духовную функцию. Свойства могут быть религиозными, природными и историческими. Сакральные пространства наиболее целесообразно изучать на локальном уровне, в частности, в пределах административных районов или областей. В каждом городе, районе, селе есть разные религиозные объекты или местность, которой людьми дано мистическое значение. Это может быть озеро, гора или холм, который выделяется на

местности, лес с особым биоценозом, или просто часть поля или реки, которые оказывали заметное влияние на жизнь местного населения. То есть как религиозные, так и природные и исторические сакральные пространства лучше всего изучать на локальном уровне, конкретными пределами которого будут границы административных районов.

Ключевые слова: сакральное пространство, сакральная география, география религии, методология, сакрально-туристский объект.

*Makimbay Zh.M. **

3 st year doctoral student of the Department of sociology

L. N. Gumilyov Eurasian National University

Nur-Sultan, Kazakhstan

THE NEED TO EXPLORE SACRED PLACES AND SPACES IN SOCIAL LIFE

Abstract

The article deals with the selection of the most appropriate methodology for the study of sacred spaces. The study of religious activities and sacred spaces has its own characteristics in relation to other studies in social geography. Its peculiarity is that it combines the use of methods of physical geography (in the study of sacred landscapes and sacred spaces) and social geography, psychology and philosophy (in the study of the geo-religious sphere).

Sacred space can be studied in the process of studying as a phenomenon that has a territorial specificity and forms socio-cultural trends. In a general sense, a sacred space is a territory with special properties that performs a spiritual function. Properties can be religious, natural, or historical. Sacred spaces are most appropriate to study at the local level, within administrative districts or regions. In each city, district, or village, there are different religious sites or localities that people have given a mystical meaning to. It can be a lake, a mountain or a hill that stands out in the area, a forest with a special biocenosis, or just a part of a field or river that had a noticeable impact on the life of the local population. That is, both religious and natural and historical sacred spaces are best studied at the local level, the specific limits of which will be the boundaries of administrative districts.

Keywords: sacred space, sacred geography, geography of religion, methodology, sacred tourist object

Кіріспе. Соңғы уақытта елімізде, пост кеңестік жүйеден кейінгі мемлекеттерде атап айтсақ Украина елінде діни ағымның күшейіп, басқа да ағымдардың таралуы, сонымен қатар, діни қасиетті жерлерді насихаттау сол жерлерге арнайы құрылыс нысандарын тұрғызыу өте қарқында даму үстінде екенін айтпасақ та, қоғамдағы іске асып жатқан ғылыми жобалар, әртүрлі мақсаттағы діни ритуалдардың етек алуы дәлел бола алады. Көптеген региондарда мұндай әрекеттердің орын алуы тарихи қалыптасқан діни санаға, сондай-ақ, діни конфессиялардың арақатынасының өзгеруіне алып келіп отыр. Сондықтан, сакралды кеңістікті зерттеу бүгінгі күні маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Әрбір ғылым өзіндік зерттеу ерешесіне ие. Бұл мәселеде дінтану мен философияны былай қойғанда дін географиясы, дін әлеуметтануы, мәдениет әлеуметтануы сияқты ғылымдар өз әдістерімен ерекшеленетіні анық. Егер сакралды құбылыстың феноменін қарастырар болсақ, оны әлеуметтік, саяси, және биологиялық өмірдің құбылысы ретінде дінмен, діни санамен байланыстырады (У. Робертсон-Смит, Б.Малиновский, Э.Дюркгейм, Р.Отто, М.Элиаде, Д.Пивоваров және т.б.). Әрбір ұстанымда өздерінің жолдарымен түсіндіру барысында белгілі бір бағыттары бөліп қарастырып отырды. Сакралдылық туралы түсінік мәнділіктің, маңызды сипатын көрсетеді: онтологиялық яғни бұл қарапайым түсініктен өзгереді шынайылықтың жоғарғы деңгейіне жатады; гносеологиялық - ақыл жете бермейтін дүниелердің шынайы білімін қалыптастырады; феноменологиялық сакралды - қайран қалатын, ғажап құбылысты түсіндіреді; аксиологиялық – аса құрметтелетін, абсолютті императивті қасиетін талдау.

Дінің мәні оның қасиеттілігі және профандығы арқылы анықталады. Сакралды орындарды үш типке бөлуге болады:

- 1) жануарлар ортасы яғни адам баспаған жер
- 2) белгілі бір тарихи мағынасы бар орын
- 3) тұлғалар жатқан мазарлар

Зеттеудің нысаны сакралды орындардың зерттелуі және насихатталуы болғандықтан, қазіргі кездегі сакралды орындардың қоғамдағы орынын анықтау, оның сол ел тұрғындарына әсерін көрсету еліміз бойынша сакралды жерлерді зерттеу жұмыстарының басты мақсаттарының біріне айналып отыр. Жалпы

мақалада зерттеудің мақсаты қазіргі заманауи зерттеу әдістеріне сипаттама бере отырып, сакралды объектілерді зерттейтін ұтымды әдістерді іздеу. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында мынадай міндеттер алға қойылды:

- сакралды орындарды зерттейтін әдістердің мәнін ашу;
- сакралды жерлерді зерттеудің ыңғайлы әдісін анықтау.

Әдістемлік ерекшелігіне келер болсақ, әр ғылымның өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, пән аралық зерттеу ыңғайларының байланысын табу бүгінгі гуманитарлық ғылым саласындағы жетістіктердің бірі болып саналады.

Бүгінгі таңда аумақтық, аудандық жергілікті мекендердегі сакралды орындарды зерттеу мемлекет тарапына жақсы қолға алынған. Әр сала өзінше өзінше үлес қосуда. Сол сияқты сакралды орындардың қасиеті мен әсерін қарастыру басында айтып өткендей, әр салада өз ерекшелігіне ие. Уфолог мамандар мен жаратылыстанушы ғалымдар киелі орындардың ерекше қастерленуінің себебін сол жердегі энергетикалық тербелістердің жиілігі мен өзгеше биологиялық қуаттың мол болуымен байланыстырады. Осындай ғылым мен техника дамыған заманда жер бетінде әлі де өз жауабын таба алмай жүрген құбылыстар көп екені сөзсіз.

Осы киелі жерлерді насихаттаумен қатар оларды қалпына келтірудің әлеуметтік – мәдени аспектісіне баса назар аудару барысында мынадай әдістерге сүйене білдік:

- Сауалнама жүргізу барысында қандай нәтижерге қол жеткізу және оларды есептеу арқылы эмпирикалық әдістердің мәнін алға тарту.

- Сондай-ақ, зерттеу тақырыбында лингвоәлеуметтанулық әдістер кеңінен қолданысқа енеді. Жергілікті тұрғындардың сол орын туралы көзқарасы мен қатынасын анықтау үшін кірістірілген бақылау әдісі де қарастырылған.

Нәтежелерді талдау. Сакралдылық феномені ескі түсінік болса да, осы күнге дейін өз құндылығын жоймай отыр, себебі қазіргі лаицистік көзқарастағы адам өмірінде басқаша мәдени сфералардың элементтерімен араласып, солар арқылы трансформацияланып жатыр. Айта кететін нәрсе, батыстық көзқараспен, әлемдік мәдени үдеріспен дамып отырған адам санасы діни қатаң талаптардың бұғауына көнбейді, сондықтан дәстүрлі қоғамда өз функциясын атқарып келген сакралдылық мүмкіндіктері қысқарып отыр.

Бұл функциялардың бастысы белгілі бір құндылықтармен байланысты тәртіп пен нұсқалған ережелер болып табылады. Белгілі бір тыйым шеңберінде бекітілген бұл нормалар мен ережелер адамдардың өзіне бағынанын талап етеді, оның талабына қарай жауабы да тең болып жатады. Мұндай нұсқамаларға шынайы түрде жауап беру әлі де қарапайым адамның қолындағы дүние емес. Сондықтан, әлеуметтік өзара араласу процесі мұндай нұсқамаларсыз, ырым-тыйымсыз, соларды орындаусыз болуы мүмкін емес (жоқ дегенде дәстүрлі қоғамда) , сакралдылық сферасы сияқты бұл жерде негізгі шешім қадір тұтумен сипатталады. Осыдан жеке адамның сыртқа талаптарды орындай отырып, ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету процесі сакралдылықтың ішкі және сыртқы күшті біріктіру функциясын көруге болады. Социумға енген индивид сол ортаның заңына бағынумен қатар, өзінің ішкі дүниесінің талаптарына сәйкестендіре алады.

Сакралды жерлерді зерттеу белгілі бір принциптерге негізделген. Сол принциптерге келер болсақ: жүйелілік, оңтайландыру, бақылау және сенімділік. Сакралды орындарды, объектілерді зерттеудің бастысы уақытпен кеңістікті анықтайтын жүйелілікті айтуға болады. Бұл тәсіл тек топоникалық (кеңістіктік) дүниені емес уақыттың да культтік құралының динамикасын зерттеуге мүмкіндік береді.

Жүйелі түрде зерттеу принципі зерттеудің жүйелілігін және сәйкес келетін әдістерді жинауды анықтайды. Ол тәсілдер: картаграфиялық талдау, далалық аймақтық зерттеулер болып табылады. Бұл үшін сакралды объектілердің классификациясын жасау қажеттілігі туады, осы тұста да діни – қажылық ортаның мынадай критерилері құралады: компонентті, территориялық, функционалды, басқару категориялары деген критерилер қалыптасады. Компонентті критерилерге жататыны: архитектура – конструктивтік әртүрлілік, яғни культтік құрал: мешіттер, ғибадатханалар, шіркеулер, соборлар, шіркеудің тіреулері, қоңыраулары, мешіттегі мұнаралар. Олар өз алдына қарапайым, жер асты, жер үсті деген сияқты культтік объектілерге бөлінеді. Территориялық критерлер геокеңістіктік яғни географтопоникалық белгілер арқылы сакралды орындардың таралуын байланыстырады. Ал функционалды критері бүгінгі тікелей діни-культтік немесе мұражайлық – көрмелік құралдармен анықталады. Басқару критеріне келсек, сакралды объектінің діни бағыты, діни конфессиялық сенім культі арқылы қарастырылады.

Бақылау принципі (визуалдандыру) адамның қабылдау формаларына (ғаламтор, карта, цифрлы онлайн атластары, навигаторлар, GPS-карталары) негізделі отырып, сакралды кеңістіктерді зерттеудің қолжетімділігін қарастырады. Оларды былай бөліп қарастырсақ та болады: қарапайым адамдар үшін атлас карталар, қабырға карталары және электронды карталар, одан кейін мамандарға, зерттеушілерге арналған - электронды карталар, геоақпараттық жүйелер және эксперттік GIS. [2.10 б.].

Сенімділік принципіне келер болсақ, бұл тәсіл алынған нәтижелердің сапасын анықтайды. Бұл принцип (материалдардың GIS талдануы, сакралды объектілердің электронды карталары), нақты анық материалдар, көрініп тұрған объектілер (аймақтық зерттеулер, архивтік түпнұсқалар) сияқты зерттеудің ғылыми –әдістемелік негізін іске асырады. [2,12 б.]. Бұл принциптердің ішінде ең маңыздысы зерттеудің кезеңдерін және сәйкес келетін әдісті қорлдануды анықтайтын жүйелілік пинципі болып табылады. Жалпы оны төрт кезеңге бөліп қарастырады (дайындық, аналитикалық, синтетикалық және қорытынды). Логикалық тұрғыдан бұлар бір-біріне өте жақын және қойылған мақсатқа жету үшін тұтас біріккен әдістемелік жүйені құрастырады. Егжей-тегжейлеп қарау және нықтылау үшін алға қойылған міндеттерді іске асыру бірнеше кезеңдерден тұрады. Айта кететін жайт, дәстүрді зерттеуде сакралды орындарды зерттеу үшін жалпы ғылыми ыңғайлар: тарихи, жүйелілік, синергетикалық және географиялық әдістер қолданылады. Зерттеу әдістерінде аса көңіл бөлінетіні, діни салада да, сондай-ақ, сакралды орындарды зерттеуде де классикалық (синтез, анализ, салыстыру, индукция, дедукция әдістері, бақылау, абстракциялау, жалпылау) әдістер сонымен қатар, замануи жаңа әдістер (жүйелі талдау және синтез)де қолданыста болады. Жиі қолданылатын жалпы ғылыми әдістер ішінде жүйелік ыңғай сонымен қатар, өзіндік зерттеу мәніне қарай қоғамдық-географиялық әдіс болып табылады. [3]

К.Мезенцев пен Ю.Когатьконың талдауымен зерттеудің төрт кезеңі бөлініп көрсетілді. Діни сакралды орындарды зерттеу үшін бұл әдістер кешенді жүйелі ыңғайлар болып есептеледі. Сакралды және діни кеңістік зерттеу мынадай этаптардан тұрады:

- теоретикалық (зерттеудің концепциясын қалыптастыру);
- бағалық (оценочный) (геодіни жағдайлардың талдануы және олардың сакралды жерлердің қалыптасуына әсер ететін факторлары);
- аналитикалық (геодіни жүйені және сакралды кеңістіктерді зерттеу);
- конструктивті (территориялардың діни-географиялық аудансуын жүргізу және сакралды кеңістікті пайдалана отырып, жетілдіру жолдарын негіздеу) [4].

Теоретикалық кезеңде философиялық және жалпы ғылыми әдістер пайдаланылады. Тарихи әдістерді игеру, сакралды объектілердің қалыптасуын, дамуын, қалай пайда болғандығын жүйелі түрде түсіндіру жалпы зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің маңызды әдісі ол – құрылымдау(структурализация. Бұл әдіс кез-келген объектінің немесе кез келген үрдістің күрделілігін танытатын құрал (макродан микроға дейін), жүйенің құрылымын зерттейді. Сондай-ақ, бүгінгі күні ғылымның барлық саласында кеңінен таралған сандық-сапалық әдістерді мақсатты түрде пайдалану жатады. Бұған наукометрия, библиометрия, информетрия жатады.

Тағы да теоретикалық кезеңде индуктивті және дедуктивті әдістерді кеңінен пайдалану қарастырылған. Бұл әдістер зерттеудің концепциясын таңдау үшін өте қажетті, себебі индуктивті әдіс жеке фактілер немесе құбылыстар жалпы ортақ ережені қалыптастыру үшін қажет болса, дедуктивті әдіс керісінше жалпы ережелер мен заңдардан жекелеген фактілерді алып шығуға мүмкіндік береді. [4].

Бағалау кезеңі аналитикалық және жалпығылыми әдістерді сипаттайды. Бұл кезеңнің негізгі әдісі болып, жүйелі-құрылымдық талдау болып есептеледі, яғни әдеби, фармациялық әдістерді қиып тастай отырып, генетикалық, ретроспективті, биографиялық, тарихи-географиялық талдауларды қарастырады. Мысалы, сакралды ландшафтыларды зерттеуде ландшафттанулық әдістер қолданылады. Бір негізді зерттеу әдісін ұстана отырып, кеңістікті- салыстырмалы әдістерді іске асырады. Бұл әдісті қолдану элементтерді, жүйелерді, факторлар мен жағдайларды жалпы жағдайды алып шығуға, жеке және топтық қасиеттерін, аналогиясын табуға пәрмен береді.

Салыстырмалы әдіс логикалық тәсілдерді қолдана отырып, әдістердің жиынтығын біріктіріп, бір немесе бірнеше ландшафтық үрдістердің жағдайын, ерекшелігін, ұқсастығын қатар қоюмен бекітіледі.

Тарихи әдіс салыстырмалы жағдайдың логикалық оперцияларын қолдануды ұсынады. Геодіни жүйенің немесе кеңістіктік-уақыттық ландшафтілердің ұйымдасуын қалыптастыратын маңызды өзгерістерді талдайды.

Келесі жүйелік әдіс моделдеу болып табылады. Бұл қолданылған теориялық және эмпирикалық әдістерді қатар қойып зерттейді. Осы модельдеуді қолдану барысында картада бақылауды түзетуге, сакралды ландшафтының морфологиялық құрылымын құрастыруға, алынған моделдерді зерттеп

отырған ландшафтық аудандастыру теориясына қосуға болады. Нәтижесінде белгілі схема дайындауға болады. [4]

Аналитикалық (талдаулық) әдіске келер болсақ, сакралды орындар мен геодіни жүйені зерттеуге мүмкіндік туады. Мұнда статистикалық мағлұматтар, оларды жүргізу талдау, жалпылау да бекітіледі. Мұнда есептік әдісті де айта кетсек, діни конфессиялар мен бағыттардың саны, немесе сакралды кеңістіктер мен орындардың сандары ескеріледі. Оның негізі модельдер мен формулалардың қолданылуы болып табылады. [4, 36 б.].

Сонымен қатар, жүйелілік-құрылымдық әдісті қолданар кезде кеңістіктік- уақаттық талдауларды қолдана тырып, сол аумақтың административтік құрылымына байланысты ландшафтық және раухани деңгейдің дәрежесін анықтаға буюлады. Онда қайта қалпына келтіру үшін кеткен қаржылық есепті де алуға болады, сондай-ақ, сол орынға келушілер санын, уақытын, келген адамдардың әлеуметтік статусытарын да есепке ала отырып, сол аудан бойынша халықтың қажылығынан түскен қаражаттың да жұмасалу ретін есептеуге мүмкіндік бар. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан немесе жеке кәсіпкерлер тарапынан қайта жасауға, орынына келтіруге қолға алынған сакралды объектілердің ерекшелігін, оның тарихын, немесе келушілердің саны арқылы баға беруге де болады.

Сонымен, зерттеудің эмпирикалық кезеңдерін сипаттай келе, әлеуметтанулық әдістердің әр қырын ашып беруге мүмкіндік болды. Ендігі айтатын тәсіл, сауалнама жүргізу, яғни сауалнама арқылы көп нәрсені объектінің мәнін, сол ортадағы маңыздылығын, халыққа әсерін немесе сол орынды қалыпк келтіру жұмысының қажеттілігін анықтауға мүмкіндік туады. Саулнама барысында халық көп келетін немесе сұранысы жоғары сакралды объектілерді қалпына келтіру құрылысына, ауданның инфраструктурасының дамуы туындайтны туралы тұжырым жасауға болады.

Бұл әдістер арқылы сакралды объектілерді зерттеудің теориялық, бағалық, аналитикалық конструктивтік этаптарына жалпы сипаттама берілді. [6]

Енді сакралды-туристік объектілер бойынша айтар болсақ, Т.Божук эксперттік әдісті ұсынады. Онда баллдық жүйе қарастырылады, яғни эксперттік сұрақтар мен оларға қойылған шкалалар арқылы есепке алынады., Бұл сакралды объектілерді зерттеудің жаңа тәсілі немесе қазіргі таңда жиі қолданылатын әдіс десек те болады. Бұл жерде сол сакралды объектінің заманауи түрде жаңаруы немесе қайта қалпына келтірілуі арқылы келушілердің қабылдауы немесе рухани білімі сондай-ақ, келушілер үшін бұл объектінің құндылығы, туристер үшін қызығушылық тудырған дүниесі сияқты қазіргі жағдайы талданады. Алынған талдаулар барысында сакралды объектіге келушілерді екі типке бөлуге болады: 1) сакралды орынға арнайы соған сену арқылы немесе зерттеу үшін келгендер; 2) туристік мақсатпен келгендер. Біріншісіне картаграфиялық бейнелер, объектінің идентификациясы, құқықтық статусы, ландшафтағы орыны немесе жағдайы, діни бағыттағы орыны, мәні сол сияқты жалпы тұрғылықты адамдар үшін маңызы назарға алынса, екінші топ үшін панормалық бейнесі, түрлі түстердің қолданысы, қол жетімділігі (транспорттық немесе жаяу бару) сол жердегі инфраструктуралық қызмет маңызды болып табылады.

Қорытынды. Ғылымның қазіргі даму кезеңі теория-әдістемелік әдістердің тереңдеуімен сипатталады. Елімізде жүргізіліп жатқан сакралды объектілерді зерттеу үшін ұйымдастылып тырған ғылыми – экспедицияларды да тілге тиек етер болсақ, олар да өз алдына зерттеу тәсілдернің заманауи түрлерін қолданудан кенде қалып жатқан жоқ. Арнайы жобалардың есептеріне қарап отырсақ, эксперттік талдау мен сауалнама рақылы алынған нәтижелер мен тұжырымдарды әр аудан басшысы, мемлекетке ұсынып жатады. Халық көп баратын, яғни сұранысқа ие орындарды қалпына келтіру үшін мемлкет тарапынан да жергілікті кәсіпкерлер тарапынан да қаржылай көиек, қолдау да ақөрсетіліп жатыр. Ал арнайы сакралды объектілерді ғылыми негізде зерттеп, оның халыққа таныту, насихаттау үрдісі өз жалғасын табуда.

Мұндай орындарды зерттеу негізі төрт кезеңмен сипатталады: дайындық (яғни теориялық), далалық (бағалау), камералық (аналитикалық) және конструктивті.

Қазақстанда киелі орындарға қызығушылықтың артуының себебі: біріншіден, дәстүрлі емес діни ағымдар өкілдерінің кіші қажылық негізінде киелі орындарға барып зиярата ету. Екіншіден, қазақтың ертеден келе жатқан наным-сеніміндегі ата-баба культінің маңызды орын алуы. Үшіншіден, әртүрлі аурулардың таралуына байланысты адамдардың ем іздеп баруы.

Орталық Азияға қызығушылық танытушы еуропалық, америкалық ғалымдар көп. Әсіресе егемендігін алған Қазақстан, өзінің жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Қазақстан барлық ғалымдар үшін үлкен зерттеу объектісіне айналып отыр. Қазақ жері көшпенді және отырықшы мәдениетті біріктірген жер. Үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешірген жер. Сакралды аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай киелі орындарымыздың арқасында еліміздің танымалдылығы арта береді [7].

Демек, киелі орындарды қалпына келтірудің қажеттілігі әлеуметтік-мәдени тұрғыдан үлкен сұранысқа ие және әлі де зерттеу мен насихаттауды талап ететіні көрініп тұр. Оған дәлел ретінде 2018 жылы 21 қараша күні шығып, бүкіл ғалымдар мен ұстаздардың талқысына түскен «Ұлы даланың жеті кереметі» атты Егемен Қазақстан басылымына жарияланған мақаласы сондай-ақ, отандық зерттеушілердің ғылыми ареалы толғумен қатар, көптеген жаңалықтардың, ғылыми көзқарастарың тереңдеуіне себеп болары сөзсіз деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Божук Т. И. *Методические аспекты определения оценки сакральных объектов для нужд туризма* // Вестник В. Чорновил атындағы Львов мемлекеттік жаңа технологиялар институты. Серия «Экономикалық ғылымдар», 2008. – 260–272 б.
2. Павлов С. *Общественно-географические аспекты исследования религиозной сферы* // Гилея: научный вестник, 2013. № 75. – С. 356–358. [Электронды ресурс]: URL: http://nbuv.gov.ua/j-pdf/gileya_2013_75_149.pdf
3. Шевчук Л. Т. *Социальная география: учебное пособие*. – М.: Знание, 2007. – 349 б
4. Мезенцев К., Козатко Ю. *Методы исследования географии религии: целесообразность использования, систематизация, потенциал картографического и центрографического методов* // Вестник Т. Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті. – М.: «Киевский университет», 2009. № 5. (56.). – 30–36 б.
5. Патийчук В. *Территориальная организация религиозной сферы административной области (на примере Волынской области): дис. кандидата географических наук 11.00.02*. Луцк: Волынский государственный университет имени Леси Украинский, 1998. – 202 с.
6. Христов Т. Т. *Религиозный туризм: Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений*. – М.: Изд. Центр «Академия», 2005. 288 б.
7. Қ.С.Ермаганбетова, Ж.М.Макимбаева *Киелі орындар территорияны брендiлеу құралы ретінде* // ҚазҰУ хабаршысы = Вестник КазНУ. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы, 2017. - № 1. С. 220-230.
8. Ключко Л. В. *Общественно-географические исследования религиозной сферы* // Журнал социальноэкономической географии: мизрег. сб. науч. работ. Харьков: ХНУ им. В. Н. Каразина, 2008. № 5.– С. 216-221.

References:

1. Bozhuk T. I. *methodological aspects of assessment of sacred objects for the need for tourism* // Bulletin of the Lviv State Institute of new technologies named after V. Chornovil. Series "Economic Sciences", 2008. – 260-272 p.
2. Pavlov S. *Socio-geographical aspects of the study of the religious sphere* // Gileya: nauchnyj vestnik, 2013. No. 75. pp. 356-358. [Electronic resource]: URL: http://nbuv.gov.ua/j-pdf/gileya_2013_75_149.pdf
3. Shevchuk L. T. *Social geography: textbook*. – Moscow: Znanie, 2007. 349 p.
4. Mezentsev K., Kogatko Yu. *Methods of research of geography of religion: expediency of use, systematization, potential of cartographic and centrographic methods* // Vestnik T. Shevchenko atyndagy Kiev ul'tyq universiteti. M.: "Kiev University", 2009. № 5. (56.) 30–36b.
5. Patyichuk V. *Territorial organization of the religious sphere of the administrative region (on the example of the Volyn region): dis. Candidate of Geographical Sciences 11.00.02*. Lutsk: Volyn State University named after Lesya Ukrainsky, 1998. 202 p.
6. Hristov T. T. *Religious tourism: A textbook for students. higher. studies*. – Moscow: Publishing Center "Academy", 2005. 288 p
7. K. S. Ermaganbetova, zh.m.Makimbayeva *sacred places as a means of branding the territory* // Bulletin of kaznu = Bulletin of kaznu. Philosophy, cultural studies, political science series, 220-230 б., 2017. - № 1
8. Klyuchko L. V. *Socio-geographical studies of the religious sphere* // Journal of Socio-economic Geography: mizhreg. sb. nauk. works'. Kharkiv: V. N. Karazin KhNU, 2008. No. 5. pp. 216-221.